

Ойыл

ЕСКЕРТКІШКЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ



Тарих көші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескімейтін тарихи оқиғалар бар. Соның бірі екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін, батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан да ұмытпақ емес. Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылы маусымның 22-де басталған еді. Төрт жылға жуық уақытқа созылған соғыс 1945 жылы 9 мамырда Ұлы Жеңіспен аяқталды. Міне, содан бері 76 жыл мерзім уақыт өтті.

Бүгін аудан әкімі Асқар Қазыбаев майдангерлердің ерлігіне тазғым етіп, Ойыл селосындағы «Ұлы Отан соғысынан оралмағандарға арналған ескерткішке» гүл шоқтарын қойды.

С.ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ!



Ұлы Жеңіске Кеңес Одағы құрамында болған мемлекеттердің бұғанасы бекімеген баласынан бастап, еңкейген қартына дейін үлес қосты. Жанқиярлықпен еңбек етті. Біздің балалық шағымыз ауыр еңбекпен, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранмен өтті, - дейді тыл ардагерлері. Ал оның көп балалардың денсаулығына тигізген кері өсері аз болған жоқ. Ұлы Отан соғысына қатысушылардың ерлігі ерекше ғой. Олар қандай жоғары құрметке де лайықты. Қазір Ойыл ауданында соғысқа қатысқандар жоқ, тылда ауыр жұмыс атқарғандардың да қатары азайып барады. Сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталғанына 76 жыл болса да, оның салған жарасы жүректерінде қалған, өкелерін, бауырларын қан майданға аттандырып, балалық шақтарын тылдағы ауыр еңбекпен өткізген аға буын өкілдерінің бірқатары аразында жүр. Олардың есею кезеңдері ел басына түскен ауыртыпалықпен тұспа - тұс келіп, буындары бекіп, омыртқалары қатпаса да бар қиындықты үлкендермен бірге бөлісіп, майдан шебіне азық-түлік жөнелтуде, киім-кешек дайындауда қолдан келген көмектерін аямады.

Солардың бірқатарына бүгін аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы бастаған топ арнайы барып, сәлем берді. Солардың бірі – Ағила Улықпанова. Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдағы көрген бейнеті аздай, жұбайынан да жастай жесір қалып, балаларын бел шешпей еңбек етіп жеткізді. «Соғыс зардабына жететін зардап жоқ шығар. Аш құрсақ болғанымыз да рас, жалаңаш болғанымыз да өтірік емес» - дейді. Ал, Ағила ананың бейбіт замандағы адал еңбегі де елдің көз алдында. Аудан басшысымен емен-жарқын өңгімелескен өже азаматтарға ақ батасын берді. Одан кейін аудан әкімі бастаған топ Рысты Тоқмурзина мен Бақытжан

Әлжановқа сәлем беріп, арнаулы сыйлығын ұсынды. Ал, ауданда қазіргі таңда 71 тыл ардагері бар. Олардың 29-ы Ойыл селосында тұрады. Бүгінде, тылда еңбек еткендердің мәртебесі Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлермен теңестіріліп отыр. Тылдағы еңбеккерлер де бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бүкіл халқымыз жеңіс үшін қажеттің бәрін істеді. Майдан мен тылдың біртұтас қимыл-өрекеті сол ұлы Жеңісті өкелді де. Сол бір жылдардың ізі ел көкейінен өшкен жоқ. «Майдан», «тыл» деген жай аты ғана. Әйтпесе, бірі мылтықты, бірі мылтықсыз – екеуін де жанкешті шайқас пен еңбек болды. Шынында да, оқтын азыбынан жоқтың азабы кем соқпаған тұстары да аз болмайтын. Жеңіс – бұл қайтпас қайсарлықтың, ержүректік пен бүкіл халықтың майдандағы және тылдағы жаппай ерлігінің нәтижесі.

С.ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

«ЖЫЛЖЫМАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КЕШЕН» АУДАНДАРҒА ШЫҚТЫ

Ақтөбе медициналық орталығының дәрігерлері Ойыл ауданының елді мекендерінің тұрғындарын жылжымалы медициналық кешенінде қабылдайды. Шалғай ауылдардағы медициналық қызметтің қолжетімдігін арттыру мақсатында Ақтөбе медициналық орталық емханасының қызметкерлері жылжымалы медициналық кешен 11-12 мамырда Берсиев ауылында, 13 мамыр күні Құмжарған елді-мекенінде, 14 мамыр күні Саралжын ауыл тұрғындарына сапалы медициналық тексеруден өткізеді. Облыс орталығынан келген педиатр, рентген, УДЗ, гинеколог, кардиолог, балалар хирургі және невропатолог, стоматолог және ЖТБ дәрігерлері тексеруден өткізіп, тиісті емдік шаралары мен жолдамалар береді.

Атап айтқанда, жылжымалы диагностикалық кешені негізінде көрсетілетін қызметтер «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы тарапынан қаржыландырылады. Яғни, заманауи медициналық кешені флюорография, УЗИ, ЭКГ, кіші лаборатория, өйелдерді қарау бөлмесі және жалпы тәжірибелі дәрігер кабинетімен жабдықталған. Ауыл тұрғындары жоғарыда аталған аппараттарға қалаға бармастан өте алады.

Тазалық айналы

ТАЗАЛЫҚ - КӨПКЕ ОРТАҚ ІС

Табиғат - дүниедегі барлық тіршілік атаулының ыстық ұясы. Адамзаттың өмірлік нәрі. Керегінің бәрі табиғар алтын сандығы. Ал, осы Жер-Анамызға қаншалықты ризашылық білдіріп, көңіл аударып жатырмыз? Қазірде өлемде ұшығып тұрған экологиялық мәселелер көп. Бірақ оны шешуге күшіміз жетпесе де, мекендейтін аумағымызға күтім жасау өз қолымызда. Күнделікті тұрмыста айналамыздағы тазалықты қалай бұзғанымызды байқамай жатамыз. Көшеде ұшып жүрген полистиленді пакетті, темекі тұқылдары мен шекілдеуі қабықтарын көргенде назар аударуға тұрмайтын нәрседей көрінеді. Дегенмен сол кішкентай нәрсенің тигізер зияны көп. Мәселен, пакеттердің далада шашылып жатуы өлемде 1 млн. құс, 100 мыңнан астам жануар мен балық өліміне өкеліп соғады. Ешкімнің лас үйде өмір сүргісі келмейтіні анық. Сондықтан ауылымыздың, ауданымыздың көркін ажарландырсақ, сырт

көзге де, өзімізге де пайдалы. Қыстың тоңы кеткен соң өкім қаулысымен ауданымызға тазалық айлығы жүргізілді. Десе де, онымен шектеліп қалмауымыз керек. Кейде көшеде қауырсын құтылар мен целлофан қалталар бейберекет шашылып жатады. Целлофан қалталар желді күні желбіреп, жерден-жерге ұшып жүреді. Кейбіреулердің өз үйінің маңын күл-қоқысқа айналдыратыны қынжылтады. Тазалықтың өр үйдің ауласынан басталатынын ескерсек, бұған жол берілмес еді. Аула маңына көгалдандыру жұмыстарын жүргізу де көпке үлгі. «Тазалық - саулық негізі» деген. Индет өршіп тұрған қазіргі күнде тазалықтың тіптен де маңызы зор. Сондықтан бұл шаруаны ортақтасып бірге іске асырайық!

Камила ОМАРОВА,
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университетінің
3-ші курс студенті.

«ПАРЫЗ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар Федерациясы және жергілікті атқарушы органдар «Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» ҚР Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығына сәйкес Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсын 2021 жылы өткізуді хабарлайды.

жүйесін ұйымдастыру, мүмкіндігі шектеулі адамдарды қорғашы көп мөлшерде жұмысқа орналастыру және тағы басқалар) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады.

Бүгінге, тылда еңбек еткендердің мәртебесі Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлермен теңестіріліп отыр. Тылдағы еңбеккерлер де бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бүкіл халқымыз жеңіс үшін қажеттің бәрін істеді. Майдан мен тылдың біртұтас қимыл-өрекеті сол ұлы Жеңісті өкелді де. Сол бір жылдардың ізі ел көкейінен өшкен жоқ. «Майдан», «тыл» деген жай аты ғана. Әйтпесе, бірі мылтықты, бірі мылтықсыз – екеуін де жанкешті шайқас пен еңбек болды. Шынында да, оқтын азыбынан жоқтың азабы кем соқпаған тұстары да аз болмайтын. Жеңіс – бұл қайтпас қайсарлықтың, ержүректік пен бүкіл халықтың майдандағы және тылдағы жаппай ерлігінің нәтижесі.

Бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады.

Конкурсқа келесі санаттар бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілері (будан өрі - үміткерлер) қатыса алады:

- 1) шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі;
- 2) ірі кәсіпкерлік субъектісі;
- 3) үміткерлер тұтас алғанда қоғамның және соның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектісі қызметкерлерінің өлауқатын жақсартуға бағытталған, өздерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін растайтын әлеуметтік бағдарламаларын ұсынуға тиіс.

Конкурсқа келесі санаттар бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілері (будан өрі - үміткерлер) қатыса алады:

- 1) шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі;
- 2) ірі кәсіпкерлік субъектісі;
- 3) үміткерлер тұтас алғанда қоғамның және соның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектісі қызметкерлерінің өлауқатын жақсартуға бағытталған, өздерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін растайтын әлеуметтік бағдарламаларын ұсынуға тиіс.

Газетке жазылу - 2021

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы 2021 жылдың II жарты жылдығына жазылу басталды

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Заңды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)

